

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№03 (467) 18 ақпан 2019 жыл



БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ

ҚАЗАҚСТАН - ТҮРКИЯ
ТЕЛЕКӨПІРІ

Өкілетті кеңес төрағасы Мұса Йылдыз құттықтау сөз сөйлеп алдағы жұмыстарға сәттіліктер тіледі. Одан соң университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов жиналғандарды Жастар жылымен құттықтап, негізгі көрсетілетін қолдауларды тілге тиек етті.

2 БЕТТЕ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР
АЛАҢЫ

Алдағы уақытта өткізілетін Түркі әлемінің саммиті, фестиваль, конференцияларға дайындық барысы талқыға салынды.

2 БЕТТЕ

БІЛЕК СЫБАНАР СӘТ
КЕЛДІ

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, Қараңғылықтың көгінде күн болмағанда кім болам», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров өз заманында күн болып жарқырауды қаласа енді XXI ғасырдың жастары елінің көгінде жарқыраған жұлдызы болу керек. 2019-жылды жастар тарих беттеріне ерекше бояумен жазып қалдырары ақиқат.

3 БЕТТЕ

ЕЛ ЕРТЕҢІ - ЖАЛЫНДЫ
ЖАСТАР

Баршамызға Тәуелсіз Қазақстанның гүлді белестерінде өзіндік із қалдыру бақыты бұйырсын! Жастар жылы құтты болсын, достар! Осы орайда университетіміздің бізге, жастарға жасап отырған жағдайын айтып өтуіміз керек. Біздің оқу ордамызда білім алуға барлық жағдай жасалынған.

5 БЕТТЕ

МИНИСТР УНИВЕРСИТЕТ МУЗЕЙІН ҮЛКЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ТАМАШАЛАДЫ

Түркістан облысына арнайы жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, профессор Болатбек Абдрасиловпен кездесті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен кездесу барысында Арыстанбек Мұхамедиұлына оқу орда басшысы Болатбек Серікбайұлы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен жергілікті басқару органдары тарапынан жүргізіліп отырған гранттық жобалар шеңберіндегі университет ғалымдарының атқарған ғылыми-

қорымдардан табылған құнды жәдігерлермен танысты. Онда VIII-XVI ғғ. тиесілі құнды металдардан жасалған ақша, тиын, әшекей бұйымдар мен XIII-XVI ғғ. тиесілі еңбек құрал-саймандары, керамикалық ыдыс-аяқтар көрсетіліп, тарихи жәдігерлер жайында кең мағлұматтар берілді.

Университет ректоры Қызылата, Өгізтау, Мыңтөбе сияқты әлі жеткілікті дәрежеде зерттеуді қажет ететін, келешекте берері мол нысандардың қазба жұмыстарын жүргізу туралы оқу ордамыздың археолог ғалымдарының бастамалары жөнінде де ҚР Мәдениет және спорт министрімен пікір алмасты.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы шеңберінде университет суретшілерінің Мәдениет орталығында ұйымдастырған тақырыптық сурет көрмесін үлкен қызығушылықпен тамашалаған министр әрбір суретке жеке-жеке мән берді.

Ерекше атап өтетін маңызды мәселенің бірі ретінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым қоры гранты есебінен университет мамандары тарапынан шетелдік саяхатшыларды тарту арқылы ішкі туризм әлеуетін арттыруға, перспективалық бағыттарды айқындауға, аймақтың туризм саласын дамытуға бағытталған жобалар министрдің назарына ұсынылды. Аталған жобалар шеңберінде университеттің Стамбұл, Ташкент, Алматы және Шымкент қалаларында туристік офистері ашылатын болады. Түркия және өзге де шетелдік саяхатшыларды тарту мақсатында, Өзбекстанның Самарқан, Хиуа, Бұхара, Ташкент сияқты халықаралық туристік орталықтарына келіп жатқан Еуропа, Азия және Америка құрлықтарының саяхатшыларына Түркістан өңірінің тарихи құндылықтары, табиғи әсем жерлері мен мәдени өзгешелігін танытуға мүмкіндік беретін қол жетімді туристік пакеттер дайындау жоспарлары да айтылды.

Кездесу барысында университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлына университеттің спорт саласындағы жетістіктері, әсіресе бокс, дзюдо, таэквондо сияқты спорт түрлерінде мемлекетіміздің мақтанышы, бетке ұстар саңлақтары спортшы-студенттеріміз туралы мәлімет берді.



практикалық жұмыстарының нәтижесімен таныстырды.

Сондай-ақ, аталмыш кездесуде министр, университетіміздің Археология музейін тамашалады. Сығанақ, Шарапкент, Қарашық, Сауран, Отырар қалашықтары мен Қарасүйір, Бағаналы сияқты

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНДЕГІ ОРТАҚ ӘЛІПБИ

Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен таяуда институт залында «Түркі дүниесіндегі ортақ әліпби» тақырыбында телеконференция болып өтті. Конференцияда осы тақырып бойынша бірнеше жыл еңбек еткен белгілі тіл маманы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Әлімхан Жүнісбек баяндама жасады.

Қазақ тіліндегі дыбыстарды зерттеуге ғұмырын арнаған Ә.Жүнісбектің баяндамасы латын әліпбиінің түркі дүниесінде қолданылу жайы болды. «Әрбір түрік мемлекеттері өздерінше латынға көшіп жатыр. Бірақ бір-біріміздің жазуымызды оқуға мүмкін болмай тұр. Бүгінде ғалымдар өзара бір пікірге келіп, ортақ түркі латын әліпбиін бекітуді ұйымдастырып отырмыз. Онда әріп таңбалар саны 34. Бұл кез келген түркі халқының оқуына әрі жазуына да ыңғайлы. Сондай-ақ заманауи техниканың, яғни компьютердің перне тақтасына да икемді.

XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары түрік ағайындар латын әліпбиіне өтіп кетті де, біз саясаттың әсерінен қалып қойдық. Түрік ағайындар еуропа үлгісімен, біздер кирилмен жазуды пайдаланудамыз. Бұл уақыт өте тілдің бір-бірінен алшақтап, тіпті жоғалып кетуіне соқтырады. Міне осындай бір-бірінің әліпбиін оқи алмайтын тығырықтан шығу үшін «Ортақ түрік әліпбиі» дегенді бастама ретінде көтеріп отырмыз», - деп, жалпы түркі жұртына ортақ маңызды мәселені сөз етті. Конференцияға университетіміздің вице-президенті Ж. Томар, Дайындық факультетінің деканы А. Гүнгүр, Ахмет Ясауи кітапханасының координаторы Ж.Аслан, Түркология ҒЗИ-ы қызметкерлері, филология факультетінің түркі дүниесінен келген оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысып, телесұхбат арқылы ой бөлісті.



Түркілік проблема болған латын әліпбиі жөнінде университеттің вице-президенті Женгиз Томар, ғалымның ойларымен келісетінін және ғалымға қолдау жасайтынын мәлімдеп, профессор Ә.Жүнісбекке алғыс білдірді.

ТҮРКОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ЖАСТАР ЖЫЛЫ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

ҚАЗАҚСТАН - ТҮРКИЯ ТЕЛЕКӨПІРІ

Жуырда Түркі дүниесі жастарының басын бір арнада қосып телекөпір өткізді. Онда Түркия мемлекетінде Түркі дүниесінің жастары бір-бірін құттықтап, ізгі бастамаларға ақ жол тіледі. Шара шымалдығы екі елдің әнұранымен түрілді.

Жиынға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің төрағасы Мұса Йылдыз (Түркия), Университет ректоры Болатбек Абдрасилов, I вице-президент Женгиз Томар, Қазақстанның

ды. Және де стартап жобаларға байланысты жастарды қолдау негізінде іс-шараларға бөлінетін қаржы көлемінің де ұлғайғандығын жеткізді. Және де бүгінгі күнге дейін оқу орда жатақханаларының көбінде құрал-жабдықтары



Стамбұл қаласындағы консулы Асылбек Сыдықов (Түркия), «Гази» университетінің ректоры Ибрахим Услан (Түркия), Түркістан облыстық Жастар орталығының басшысы Береке Дүйсебеков (Қазақстан), «Мармара» университетіндегі Түркология институтының директоры Окан Ешил От (Түркия) қатысты. Телекөпірді университет докторанты, ақын-журналист Серік Сейітман жүргізді.

Өкілетті кеңес төрағасы Мұса Йылдыз құттықтау сөз сөйлеп алдағы жұмыстарға сәттіліктер тіледі. Одан соң университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов жиналғандарды Жастар жылымен құттықтап, негізгі көрсетілетін қолдауларды тілге тиек етті. Оның ішінде студенттік асханадан ендігі кезекте білімгерлер 250 теңгеге комплекті тамақ ішетін бола-

мен төсек орындары жаңартылды. Бұл игі іс алдағы уақытта да жүзеге асатын болады. Сондай-ақ жөндеу жұмыстары да қолға алынып, сыртқы бейнелері ретке келтірілетін болады.

Телекөпірде I Вице-Президент Ж.Томар, жастарға үлкен қолдау көрсете отырып, ондағы жауапкершілікті де екі есе сезіндіру қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар Түркістан облыстық Жастар орталығының басшысы Береке Дүйсебеков, Түркістанды түлету түркі жастарының қолында деген ұранды алға тартып, алдағы уақытта өткізілетін барлық іс-шараларда жастарды белсенді болуға шақырды. Телекөпір соңы университет өнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Жуырда оқу ордамызда сенат отырысы өтті. Маңызды мәселелер ортаға салынды. Жиын барысында кафедра меңгерушілері мен барлық құрылымдық бөлім басшылары өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды.

Университет президенті Болатбек Абдрасилов университетте білімгерлер игілігі үшін атқарылып жатқан іргелі істер жайында баяндады. Алдағы уақытта өткізілетін Түркі әлемінің саммиті, фестиваль, конференцияларға дайындық барысы талқыға салынды. Дуальді оқыту бағытындағы (КТЗ) өндіріспен білімді ұштастыру, студенттерді «Ясауи» олимпиадасына қатыстыру сынды өзекті мәселелер назарға алынды. Оқу ордамыздың білім сапасын арттыру мақсатында ректорымыз Болатбек Серікбайұлы ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Әмірбек Үмбетов ағымдағы оқу жылындағы қысқы сессия қорытындысын баяндады. Оқу үдерісіне заманауи әдістер мен білім берудің жаңа технологияларын енгізу нәтижесінде қысқы сессия қорытындысы бойынша білімді бағалаудың

объективтілігі артты. Өткен жылмен салыстырғанда білім алушылардың университет бойынша үлгерімі 83%-дан 89%-ға өсті. Жаз айларында академиялық қарызы бар білім алушылардың саны 2147 болса, соңғы қысқы емтихандар қорытындысы бойынша олардың саны 458 болды. Университетте «таза емтихан» интернет сауалнамасы жүргізілді және оның нәтижесі бойынша іс-шаралар жасалды. Негізгі білім көрсеткішін слайд арқылы көрсетті. Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президенті Камалбек Беркімбаев ғылым саласын дамыту мәселелері жайлы ойларын ортаға салды. Ғылым саласы бойынша, PhD докторанттардың диссертациялары мен қорғау үрдістеріне қатысты ғылыми жетекшілерінің, кафедралардың жауапкершілігін арттыру мәселесі қаралды. Университеттің ғылыми

журналдарының мәртебесін көтеру туралы шешім қабылданды. Елбасының жас ғалымдарға арнап ғылыми-зерттеу және стартап жобаларды дамыту мақсатында қаржы бөлінетіні жариялаған болатын. Осыған орай жас ғалымдардың тиісті гранттық конкурстарға белсенді қатысып, жобалар ұсынуы ерекше атап өтілді. Шамамен 150 университет ғалымдарын арнайы бағдарламалар арқылы ағылшын тіліне оқыту жоспарланды.

Студенттік асханадағы комплексті тамақ бағасы 300 теңгеден «Жастар жылы» болып жариялануына байланысты 250 теңгеге төмендетілді.


Университеттің 729 қосалқы қызмет персоналының, жалақысы көтерілді.

Ғылым кандидаттары, PhD, ғылым докторларына үстемақы мөлшері 1,5 есе арттырылды.

ЯУ-ақпарат

ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫ - ЕЛБАСЫ НАЗАРЫНДА!

Таяуда Елбасы Н.Назарбаев «Жастар жылының» ашылуы барысында өткен жиында Түркістан облысына ерекше назар аударды. Мемлекет басшысының ұсынысын жастар тың серпінімен қабылдады. Осы орайда Н.Әбішұлы жалпы жастардың киелі шаһардың құрылыс жұмыстарына еңбек сіңіру қажеттігін атап айтты. «Қазір бүкіл Қазақстанда ауқымды құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Үйлер, зауыттар салынууда. Біздің жас кезімізде, студент кезімізде арнайы студенттер отряды деген болатын. Демалыс кезінде жұмыс істеп, қомақты ақша табатынбыз. Осыған байланысты құрылыс жұмыстарына жастарды тартуды тапсырамын», - деді Мемлекет басшысы. Елбасы Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласында құрылыс қарқынды жүріп жатқандығын жеткізді. «Түркістан облысы ретінде таяу жылдары үлкен қала болады деп отырмыз. Оның құрылысына жастар атсалысуы керек. Үкімет облыс әкімімен бірлесіп, бұл мәселені бақылауға алуы тиіс» - деді. Бүгінде Елбасының ұстанымын үлгі тұтқан жастар Түркістан облысының құрылысына, өңірді гүлдендіруге атсалыспақ.



АПТА АЙШЫҚТАРЫ

Жиын. Оқу ордамыздың Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру институтында ректор Болатбек Абдрасиловтың қатысуымен жиын өтті. Басқосуға оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлер қатысты. Университет басшысы Болатбек Серікбайұлы Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру институтына ректор кеңесшісі Тұрлыбек Искаков жетекшілік ететінін айтты.

Әдеби кеш. Университет кітапханасында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған әдеби-сазды кеш өтті. Шараның өтуіне кітапхана жанына құралған «Руханият» жалынды жастар клубы мен облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесі мұрындық болды.

Кеш «Есіңе мені алғайсың...»-деген тақырып аясында өрбіп, жастардың мұзбалақ ақынға деген құрметін көрсетуді мақсат еткен. Іс-шара барысында ақынның ел жүрегінен орын алған өлеңдері оқылып, қойылымдар және Мұқағали өлеңдеріне жазылған әндермен әрленді. Университетіміздің жас ақындары да өз шығармаларымен ел ықыласына бөленді.

Кездесу. Білім ордамызда «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің жиыны өтті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің жетекші мамандары баяндама оқыды. Шараға білім беру орталықтарының басшылары мен аймақтық «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің жетекшілері қатысты. 2020 жылға дейін тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жоюды басты назарға алды. Университет жанынан құрылған «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің жетекшілері оқу ордамызда сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді.

Спорт. Шымкент қаласында V Республикалық жазғы спартакиада және ересектер арасындағы Қазақстан чемпионаты ойындары өтуде. Осыған орай оқу ордамыздың атынан 11 спортшымыз қатысып, бақ сынауда. Бүгінгі еркін күрестен өткізіліп жатқан сайысқа түрлі салмақ дәрежесінде сыңа түскен спортшыларымыз жеңіс үшін барын салды. Төгілген тер мен, артылған сенім ақталып, әйелдер күресінен Дариға Өбен 59 кг екінші орынды иеленді.

Жыр кеші. Жуырда университетімізге ақын Ербол Бейілхан арнайы ат басын бұрды. «Айдидар» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Өнер факультетінің студенттерінің қатысуымен, оқытушы Асылзат Өтжанқызының зор ықпалының арқасында кеш қызықты өтті. Көрермендер кештен рухани азық алып, бір серпіліп қайтты. Кеш барысында Ербол ақын жыр-шумақтарын оқыды. Осындай тамаша кешті өткізуге мұрындық болған университет президенті Болатбек Абдрасиловқа алғыс айтты.

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

БІЛЕК СЫБАНАР СӘТ КЕЛДІ

«Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» демекші биылғы жылы игі бастамалар қолға алынуда. Ендігі меже - білек сыбанып іске кірісу. Елбасымыз дамыған Қазақстанның іргетасын қалауда, білімді жастардың біліктілігіне, дарындылардың дараланып оза шабарына сенім артады. Бұған дәлел 2019-жыл «Жастар жылы» болып жарялануынан айқын көрініс тапты.

Кеше, бүгін, ертең деген тарихи сәттерді құраушы жастар. Кешегі күнде Мағжан Жұмабаев - Мен жастарға сенемін,-деп егемендікке қол созу жолында намысты ұл-қыздарды тәрбиеледі. Ал бүгінде Елбасымыз Н.Назарбаев: Қазіргі заман бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман дей отырып осы жылды толықтай жастардың игілігіне арнауды тапсырды. Бұл орайда таразы басын тең ұстауымыз аса қажет. Алма піс, аузыма түс дейтін қасаң көзқарастан арылуымыз керек. Жоспар бойынша жүрер бағытымыз

намен қамтамасыз ету, арнайы шәкіртақылар тағайындау жұмыстары басталып кетті. Тіпті ән-шашу, ойын-сауықтық бағдарламамен Жастар жылын атап өтіп жатқан аймақтардың қарасы көп. Басты міндет ұсынылған мүмкіндіктерді қалт жібермей уақытында пайдаланған жөн. Мүмкіндікті тиімді қолдана білген жастар арқылы еліміз жаһандану көшіне ілесіп, алпауыт елдердің тасасында қалмай алға ілгерлейді. Жаһандық біліммен иық тіресу жастардың еншісінде. Білекті сыбанып қойып ойға алған тың идеяларды



айқындалып үлгерді. Жастар да соған лайықты халыққа, мемлекетімізге білімінің, еңбегінің жемісін көрсетіп кірпішіміз болып қалануы тиіс. Қолдау барда өсіп, өркендеп өзгелермен тереземізді теңестіруге мүмкіндіктер туындайды. «Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел қайдан болсын» елі үшін қызмет еткен жастарға мемлекет те өз сыйын аяған емес. Әлеуметтік желіні, телеарналарды ашып қалсақ Жастар жылынан не күтеміз, қандай жағдай жасайды, не өзгереді, деген үн қатуларды жиі естейміз. Сыйға сый, сыраға бал жастар аталған қолдаулардың қарымтасын қайтара ала ма? Не алады емес бірінші не бере алады. Жамалмаған жыртқымызға жамау болса міне сонда ғана таразының басы теңесер еді. Өлде берген қолым алағанның кебін киеміз бе? Қазіргі таңның өзінде жастарды жұмыспен қамту, баспа-

жүзеге асырып, кенжелеп қалған тұстарымыздың дамуына жастар ат салысса нұр үстіне нұр болары айқын. Жастар жылында жасалатын оң мүмкіндіктер елімізді одан әрі жандануына бір табан жақындатады. Жастардың құлағына алтын сырға лайым жемісті жыл болғай. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, Қараңғылықтың көгінде күн болмағанда кім болам», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров өз заманында күн болып жарқырауды қаласа енді XXI ғасырдың жастары елінің көгінде жарқыраған жұлдызы болу керек. 2019-жылды жастар тарих беттеріне ерекше бояумен жазып қалдырары ақиқат.

Венера ОЙЫЛХАНОВА
3-курс студенті

СЕМИНАР ӨТТІ

Жуырда университет студенттеріне қызылшадан сақтану, аурудың алдын алу жайында семинар өтті. «АИ» дәрігерлік амбулаториясының дәрігері А. Байғараева Түркістан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы эпидемиология бөлімінің бас маманы Г.Файзуллаева баяндама оқыды.

Қызылша ауруының алдын алу, одан сақтандыру жөнінде кеңестер берілді. Жалпы білімгерлерге аурудың жалпы белгілері жайлы кең мәлімет берілді. Қызылшаның өзі қауіпті болмағанымен, оның ауыр пневмония (өкпенің қабынуы) бронхпневмония, бронхиттер, ми қабықшаның қабынуылары адам өміріне қауіпті екендігі ұғындырылды.

ЖАСТАРҒА НЕ КЕРЕК?

«Жас келсе іске» — дейді қазақ. Жалындаған жас кезде алға қойған мақсатымыз айқын, оған жетердегі жолымыз дара болуы керек.



2019 жыл елімізде жаңа бетбұрыстар мен толағай табыстардың жылы боларына сенім мол. Себебі, бұл жыл «Жастар жылы». Кез келген дамыған немесе дамушы елдің тарихына көз жүгіртер болсаңыз қай кезде де жастар бүтін бір мемлекеттің негізгі қозғаушы күші болған. Дамыған 30 ел қатарынан табылуды көздеген қазақ елі үшін де біздің, яғни жастардың атқарар рөлі ерекше. Ал, сол рөлді тарих беттерінен ойып тұрып орын алардай етіп орындау үшін бізге не керек? Не жетіспейді? Қай бағытта қызмет атқарған жөн? Саралап көрейік.

Ең алдымен, бүгінгі жастарға тәуекелшіл болған жөн. Ойға алған дүниені, қолға алуға жасқанып, мидың шекарасынан аспай қалып жатқандары қаншама?! «Құр жүргенше, бірнәрсе жасайық. Бір бизнеспен айналысқым келеді. Мынадай ойым бар»- деп, кейін көз қорқақтығына салып «қой, оны жасау үшін анау керек, мынаны таба алмаймын»- деп жүргенде, басқа біреудің дәл сол дүниені жасап, нанын жеп отырғанын көресің. Сол кезде «ой оның ақшасы бар ғой, таныстары көп қой» — деп сылтауратқанша «Мен тәуекелге салып, іске кіріскенімде менде осындай жетістікке жетер ем ғой» — деп ойлану керек. Сонда ғана өзіңізге қажетті сабақ алып, талпынысыңыздың оянуына өзіңіз себепші боласыз. Қазақ «Тәуекел түбі желқайық, өтесің де кетесің» — деп бекер айтпайды. Құласақ та, нардан құлаудан жасқанбауымыз қажет.

Екіншіден, бәсеке. Бақталастық пен бәсекелестіктің ара жігін айырып, өсемін деген жақыңды көре алмай емес, «менде өсемін, менде өз жолымды табамын» — деген оймен қызмет жасау маңызды. Бәсеке бар жерде сапа болады. Ал, сапалы дүние ешқашан өз құнын жоғалтпақ емес.

Келесі, барлық нәрсеге немқұрайлық. Мысалы, өзіміз күнделікті қарайтын инстаграмм әлеуметтік желісіндегі вайн жанры. Елімізге 3-4 жыл көлемінде келіп, бүгінгі күні үлкен фанбазасын қалыптастырып үлгерді. Аталмыш жанрды алғашқыда

менсінбей қарағандар аз емес. Ал, «Жастар жылының» ашылу салтанатында Елбасының алдында сөз сөйлеп, өздерінің болашақтағы жоспарларымен бөліскендер қатарында кімдер болды? Таныдыңыздар ма? Әрине, таныдыңыздар. Олар сіз бен біз тіркелген Yuframe, Ха-Ха Show секілді инстапарақшалар. Өздерінің іске адалдығының, немқұрайлы қарамауының арқасында 18 миллион халықты ауызына қаратып, бүтін елдің болашағына айналды. Ал, сіз неге іске кіріспедіңіз?

Тағы бір жетіспейтін нәрсе, берілген мүмкіндікті пайдаланбай, өз құқымызды білмеуіміз. Ата Заңымызда «Біздің негізгі байлығымыз — халық» делінген. Демек, елдің байлығы халық болса, сол байлықтың негізгі көрінісі — жастар. Сол үшін де, біз өзімізге мемлекет көрсеткен қолдауды барынша пайдаланып, ойымызға алған істі соңына дейін жеткізуіміз керек. Бүгінгі күні елімізде жастарды қолдау мақсатында қолға алынған жобалар жетерлік. Солардың бірі, әрі бірегейі «Шағын және орта бизнесті қолдау» бағдарламасы. Аталған бағдарламаны өз деңгейінде қолдана алсақ айқын мақсатыңызға жетер, даңғыл жолыңыздың ашыла түсері сөзсіз.

Айтылар болса, бізге жетіспейтін дүниелер көп. Біз өз кемшілігімізді өзімізден іздеуге емес, біреудің қателігінен деп қарастыруға құмармыз. Өз замандастарымыз сұрағанымызда да, бұған анық көзіміз жетті. Бірі шығармашылық еркіндіктің жетіспейтінін, терең білімнің қажеттілігін айтса, енді бірі жалаң сөз бен жалған ұранның көптігін алға тартты. Десек те, бұл нәрсенің барлығын өз құқығыңды біліп, берілген мүмкіндікке немқұрайлы қарамай, бәсекелестікті сапаның өсуі үшін пайдаланып, тәуекелге бел буу арқылы жеңіп өтуге боларын біліңіз. Сіздің ойыңыз бен қолыңызға ешкім де шектеу қоя алмайды.

Досхан ТӨЛЕГЕНОВ
4-курс студенті

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ ІРГЕЛІ ІСТЕР



Айдарбек Жәнібек ЖАҚЫПБЕКҰЛЫ
2014 Азия чемпионатының 1 орын иегері, Кипр Республикасында өткен студенттер арасындағы әлем чемпионатының 3 орын иегері.



Айгерім МҰРАТ
Жас Отан Жастар Қанаты бөлімінің басшысы.

ФАКУЛЬТЕТ
МАМАНДЫҚТАРЫ

Бакалавриат:

5B010100 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу;
5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
5B010300 - Педагогика ж/е психология;
5B011400 - Тарих (білім бағыты);
5B020300 - Тарих (ғылыми бағыт);
5B020600 - Дінтану;
5B021100 - Теология;
5B020800 - Археология және этнология.

Магистратура:

6M010100 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу;
6M010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
6M010300 - Педагогика ж/е психология;
6M020300 - Тарих;
6M020600 - Дінтану.

PhD Докторантура:

6D010300 - Педагогика ж/е психология;
6D011400 - Тарих.

Гуманитарлық ғылымдар факультетінің құрамында 4 кафедра бар. «Білім технологиялары», «Педагогикалық ғылымдар», «Тарих», «Дінтану» кафедралары жұмыс жасайды. Факультетте 547 білімгер оқиды. Оның ішінде Түркия, Ресей, Болгария, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан мен Түркіменстаннан келген 31 шетелдік студент бар. 505 студент бакалавриат, 21 магистратура, 21 докторантура бағдарламасы бойынша білім алып жатыр. Факультет құрамында 72 оқытушы қызмет атқарады. Оның ішінде 7 ғылым докторы, 13 PhD, 31 ғылым кандидаты бар. Оқыту қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Факультет педагогикалық бағытта 5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 5B010300 - Педагогика және психология, 5B011400 - Тарих, ғылыми бағытта 5B020300 - Тарих, 5B020600 - Дінтану, 5B020800 - Археология және этнология, 5B021100 - Теология мамандығы бойынша бакалаврларды дайындайды. Сондай-ақ, факультетте педагогикалық бағытта 6M010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 6M010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6M010300 - Педагогика және психология, ғылыми бағытта 6M020300 - Тарих, 6M020600 - Дінтану мамандығы бойынша магистрлерді дайындайды. Педагогикалық бағытта 6D010300 - Педагогика және психология, 6D011400 - Тарих мамандығы бойынша PhD дайындайды.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің (IQAA) 2018 жылғы Ұлттық рейтинг нәтижесі бойынша Жоғары оқу орындары арасындағы мамандықтар бойынша 5B011400 - Тарих мамандығы бірінші орынды иеленді. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсына қатысқан Тарих кафедрасының доценті Л.Динашева «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантын жеңіп алды.

2018-2019 оқу жылының қысқы сессия қорытындысы бойынша студенттердің оқу үлгерімі 94% құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8% артық. Оқу жетістіктерін сырттай бағалау қорытындысы бойынша факультет студенттерінің орташа нәтижесі 101,3 балды құрады. Оның ішінде Дінтану кафедрасына қарасты 5B021100-Теология мамандығы студенттерінің орта балы 131,5 ұпайды құрып, университет мамандықтары бойынша алдыңғы қатардан көрінді.

Тәуелсіз аккредитация агенттігінің 2018 жылғы рейтинг қорытындысы бойынша 5B011400-Тарих мамандығы I-орын иеленді.

Факультет мамандықтары бойынша білім алатын білімгерлер жыл сайынғы студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасының жеңімпаздары болып табылады.

2017-2018 оқу жылында студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасында 5B020300-тарих мамандықтарының студенттері I-орын, 5B011400-тарих, 5B010200-бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 5B020600-дінтану, 5B020800-археология және этнология мамандығы II-орын, 5B010100- мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 5B010300-педагогика және психология мамандықтарының студенттері III-орынды иеленді.

Ғылыми жетістіктер
Факультетте жалпы соммасы 15 595 962 тенге құрайтын 1 ғылыми жоба орындалуда. Ф и л о с о ф и я ғылымдарының кандидаты С.Абжалов ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020жж. арналған гранттықжобасын жеңіп, «Орта Азиядағы ханафиттік дәстүр және қазақ руханиятының негіздері» атты

ғылыми-зерттеу тақырыбымен жұмыс жүргізуде.

Түркиялық (ТИКА, ТУБИ-ТАК, ӨК) қаржыландырылатын жобалар бойынша 2017-2018 оқу жылында 7311860 теңгені құрайтын ғылыми жобалар жүргізілді.

Педагогикалық ғылымдар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Қ.Атемова «Түрік халықтарының қыз балаларды ұлттық құндылықтар негізінде болашақ отбасылық өмірге даярлау дәстүрлері» атты тақырыпта;

Тарих кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Қожа Мұхтар «Отырардағы Сопы Данышпан төбесі» атты тақырыпта;

Тарих кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор Б.Сыздықов «Мыңтөбе қорым қазбалары» атты тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда.

2017-2018 оқу жылында факультеттің екі оқытушысы шетелдік ғылыми тағлымдамадан өтіп, 05-19.05.2018 ж. аралығында 2 аптаға «Ата жұрттан Анадолыға» жобасы бойынша Білім технологиялары кафедрасының меңгерушісі А. Құралбаева Гази университетінде, ал Дінтану кафедрасынан Ж.Нұрматов Эрджиес университетінде тәжірибе алмасып қайтты.

2018-2019 оқу жылында Болашақ бағдарламасының стипендиясын жеңіп алған Дінтану кафедрасының PhD докторы Т.Абдрасилов Ұлыбританияның Манчестер университетінде ғылыми тағлымдамадан өтуде.

Тәрбиедегі жетістіктері
Факультетте түрлі бағыттағы студент клубтары жұмыс істейді. «Орда» тарихтанымдық клубы студенттерді ұлттық құндылықтарды насихаттауға тәрбиелеуді мақсат етеді. Осы клубтың ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Туған жерге тағзым», тарихи қалалар мен мұражайларға саяхаттар, Түркістан облысының құрылуына орай түрлі мәдени іс-шаралар өтті. Сондай-ақ, «Ясауи жастары» студенттік клубы түрлі қайырымдылық іс-шаралар мен қоғамдағы өзекті мәселелерде пікірталас, дөңгелек үстелдер ұйымдастыруда. Аталған студенттік клуб іс-шараларына университеттің басқа мамандық студенттері де белсене қатысып, өз ойлары мен пікірлері, ұсыныстарымен бөліседі.

ОҚП құрамындағы үздіктер
2016 жылы Білім технологиялары кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Б. Ортаев «ЖОО Үздік оқытушысы» грантын иеленді. 2017 жылы Педагогикалық ғылымдар кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Талғат Данияров «ЖОО Үздік оқытушысы» грантын иеленді. 2018 жылы Тарих кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Ляззат Динашева «ЖОО Үздік оқытушысы» грантын иеленді.

2016 жылы Білім технологиялары кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Б. Ортаев «ЖОО Үздік оқытушысы» грантын иеленді.

2017 жылы Педагогикалық ғылымдар кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Талғат Данияров «ЖОО Үздік оқытушысы» грантын иеленді.

2018 жылы Тарих кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Ляззат Динашева «ЖОО Үздік оқытушысы» грантын иеленді.



ЕЛ ЕРТЕҢІ - ЖАЛЫҢДЫ ЖАСТАР

Мен Елбасының Жастар жылының ашылу салтанатында сөйлеген сөзін бар ынтаммен тыңдадым. Президенттің «Қазақстанның болашағы сіздерге, сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты» деген сөзі мені қатты тебірентті. Жүрегімді шаттық кернеді. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген өлең жолын әр қазақ баласы жақсы біледі.

Көгілдір экран арқылы форумда сөйлеген замандас-құрдастарымды көріп отырып, жүрегімді шаттық биледі. Еліміздегі әрбір жастың жеткен жетістігі мен елімізді әлемге таныту жолындағы еңбегін жоғары бағалаймын және баршамамызға үлгі болса екен деймін. Жарқын болашақтың іргесін нық қалайтын, Тәуелсіз қазақ елінің мәртебесін биікке көтеретін біздер, жастар! Ұлы Отанымызға деген ыстық махаббат, сүйіспеншілік, адал қызмет әрқайсымыздың темірқазығымыз болуы тиіс деп ойлаймын! Елдігіміз бен егемендігімізді ғасырлар бойы армандаған ата-бабаларымыз бізге ұлан-ғайыр Ұлы Даланы мұра етіп қалдырды. Осынау Ұлы даланың перзенттері - біздің алдымызда ұлан-ғайыр міндеттер мен ғажайып мүмкіндіктер тұр. Мен де оқуымды тәмәмдаған соң ұлы Отаным, Тәуелсіз еліме жастық жалыныммен адал қызмет етемін деп сендіргім келеді.

Достар! Тамыры бекем, рухы биік елдің бүгінгі ұрпақтары, біздер жаңа бастамалар мен тың идеялардың бастамалары болуға тиіспіз. Жастар жылында алар асуларымыз бен бағындырар белестеріміз көп болсын! Баршамызға Тәуелсіз Қазақстанның гүлді белестерінде өзіндік із қалдыру бақыты бұйырсын! Жастар жылы құтты болсын, достар! Осы орайда университетіміздің бізге, жастарға жасап отырған жағдайын айтып өтуіміз керек. Біздің оқу ордамызда білім алуға барлық жағдай жасалынған.

Үміт ТҰРСЫНХАН,
3-курс студенті



ТҮРКІСТАНДЫ БІРГЕ ТҮЛЕТЕЙІК!

Мен Қазақстанның Шығыс өңірі Өскемен қаласынан келіп оқып жатқан оқу ордамды мақтаныш тұтамын. Республикалық «Ақберен» шығармашылық байқауының жеңімпазы ретінде алдымда таңдау тұрғанда төрт қақпалы Түркістанды таңдауым Елбасы айтқандай мен үшін тарихи шешім болды.

Қазақ елінің рухани тұғыры Түркістанымыз күллі Түркі жұртына ортақ құндылық. Осы мекендегі рухани негіздер мемлекетіміздің саяси, әлеуметтік, идеологиялық ұстанымы болғандықтан Елбасымыздың Түркістанды облыс орталығы еткен бұйрығы шыққанда үлкен қуанышта болдым. Мақсаттарымды да осы өңірге қызмет етуге қарай қайта бағыттадым. Жастар жылының ашылуына арналған форумда Президентіміз: «Жастың қуаты – білімі мен білігінде, бірлігі мен патриоттығында. Біз бабалардан мирас болған атамекенімізді тәуелсіз ел еттік. Тұрмысы шалқып, түтіні түзу ұшқан бақауатты мемлекетке айналдырдық» деген болатын. Жастардың студент кезінен-ақ кәсіпкерлікпен айналысуын қолдап отыр. Қазақстан студенттер Альянсы Республикалық студенттер қозғалысының Түркістан облысы бойынша төрағасымын. Осы орайда өзімнің де кішкене жетістігімді айта кетсем. Сапалы білім іздеген оқушылардың талабын қанағаттандыруға күш салғым келіп, «Фаламат» білім беру орталығын аштым. Қазір 6 айдан бері тұрақты жұмыс істеп келе жатыр. Жетістіктеріміз де бар. Елбасының жастар жылына үлкен мән беруі біз сияқты жас кәсіпкерлердің қанатын қомдағандай болды. «Елбасымен бірге – жаңа жеңістерге!» ұранымен Түркістан өңіріне қызмет еткім келеді. Дипломымды алып, отбасын құрып, құрылысы қарқынды жүріп жатқан жаңа Түркістанды түлетуге барлық күш жігерімді аямаймын!

Өнер КАМШАТ,
4-курс студенті



БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП...

ЖАСТАР ЖЫЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Мен, Босния Герцоговина мемлекетінен келдім. Қазіргі таңда Халықаралық қазақ-түрік университетінің студентімін. Осындай заманауи талапқа сай университетте білім нәрімен сусындап отырғанымды мақтан етемін. ҚР Президенті Н.Назарбаевтің қолдауымен, 2019 жыл «Жастар жылы» болып қабылданды. Дәл осы айтулы мейраммен сіздерді құттықтаймын. Түркілердің тұтас тарихын түркі бауырларымыздан білдік. Барша түркі ағайындарға, оқу ордамыздағы оқытушыларға, достарыма, жастарға сәттілік тілеймін!!! Жастар жылы құтты болсын

Беччи ЗЕЙД, студент

РАХМЕТ САҒАН, ОҚУ ОРДАМ!

Ауғанстан мемлекетінен білім іздеп Қазақстанға келдім. Осы білім ордасына 2015 жылы түстім. Сол сәттен бастап Халықаралық қазақ-түрік университетінің студентімін. Бұл университет маған 4 тілді еркін меңгеруге мүмкіндік берді. Менің студенттік өмірім Түркістан облысында, дәл осы оқу ордасында өткеніне қуаныштымын. Мүмкіндіктер мен жеңістер сыйлайтын оқу ордасын Жастар жылымен құттықтаймын!

Жавид РАШИД, студент

СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ

БАҒА ҮШІН ОҚУДАН БАС ТАРТАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Біз, міне, бес жылдан бері университет қабырғасында оқып жүрміз. Үйге барған кезде ата-анамыз «не үйрендің, қандай білім алдың» деп емес, «өмітханнан қандай баға алдың» деп сұрайды. Бір менің ғана емес, бәріміздің де ата-анамыз солай. Өйткені, біздің елде, өкінішке қарай, әлі де болашақ маман алып жатқан білімнің сапасы емес, оның алатын дипломы маңызды.

Күні ертең дипломын қолына алған маман сол «бір жапырақ» қағаздың арқасында жұмысқа орналаса ала ма, орналасқан күннің өзінде оның бағалары басындағы біліміне сәйкес келмей жатса, жұмысын игеріп кете ме? Ол жағына көпшілік алаңдай бермейді. Қазақстанда ғана емес, посткеңестіктегі елдердің барлығында дерлік осындай жағдай қалыптасқан.

Еліміздегі ЖОО-ның көпшілігі Боллан үдерісіне қосылып, оқытудың кредиттік технологиясын қолданып келеді. Алайда, іс жүзінде біздегі жоғары білім беру жүйесі еуропалық стандарттарға сәйкес келе ме? Отандық және еуропалық университеттердің қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар? Біз «кәрі құрлықтан» не үйренуіміз керек? Осы сауалдар төңірегінде Польшаның Лодзь университетінде 6 ай оқып қайтқан курстас-досым Ұлықбек Сайфуддиновпен әңгімелескен болатымын.

— Лодзь университетінде оқып жүріп, онда студентке барынша еркіндік берілгенін байқадым. Біріншіден, барлық дәрістерден қалмай қатысу, сабаққа кешікпеу, конспекті жазу, белгілі бір киім үлгісін сақтау дейтін қатаң, қасаң талаптар жоқ. Бізде кейде түнімен дәріс оқып, ұйқысы қанбаған студент зауқы соқпай тұрса да сабаққа қалғып-мүлгіп отырады ғой. Қайтып кету үшін оқытушыдан, деканаттан рұқсат алуға тиіссіз. Ал, Польшада ешкім дәріске қатысуды міндеттемейді, — дейді Ұлықбек.

Оның айтуынша, бұл еркіндік студентке өз бетінше ізденуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

— Екіншіден, студентке пәндер мен оны жүргізетін оқытушыларды таңдауға мүмкіндік беріледі. Әр семестрде ұсынылған тізімнен студент өзін қызықтыратын, болашақ мамандығыма керек деп таныған пәндерін таңдап алып оқиды. Оқыту анархиялық-педагогика әдістері бойынша жүргізіледі. Студенттер берілген тақырып бойынша ізденіп, оқып келіп, сабақ кезінде оны топқа бөлініп талқылайды. Кітаптарда жазылған деректермен шектелмей, тақырыпқа қатысты ой-пікірін де ортаға салады. Оқытушы бағыт сілтеп,

студенттердің сауалдарына жауап беріп отырады, — дейді кейіпкеріміз.

